

**Шымкент қаласы Денсаулық сақтау басқармасының
ШЖҚ "№2 Оңалту орталығы "МКК сыбайлас жемқорлық
тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері туралы
Анықтама**

Шымкент қ.

22 маусым 2023ж.

Ішкі талдау объектісінің толық атауы: Шымкент қаласы Денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "№2 Оңалту орталығы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

Ішкі талдау жүргізу негізі: Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығы және Шымкент қаласы Денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ "№2 Оңалту орталығы " МКК-ң 2023 жылғы 19 маусымдағы " сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы" № 105н/қ бұйрығына сәйкес комиссия құрылды.

Комиссия құрамы:

Избаева Дана Дулатовна - комиссия төрағасы

Комиссия мүшелері:

- 1.Ш.Ж. Шаханова – дәрігер сарапшы
- 2.Ошимова Н.Ж. – бас мейірбике
- 3.Бопова Н.Н. – кадр маманы
- 4.Бесбай А. Ж. – үнемдеуші.

Талдау кезеңі 04.01.2023-31.05.2023 ж.

Денсаулық сақтау саласындағы қолданыстағы құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

Денсаулық сақтау саласындағы қолданыстағы құқықтық актілерді талдау барысында, атап айтқанда:

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 24 наурыздағы № ҚР- ДСМ-27 бұйрығы,
2. «Медициналық оңалту көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 7 қазандағы № ҚР ДСМ-116/2020 бұйрығы

3. «Медициналық оңалту көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 7 сәуірдегі № 65 бұйрығы

4. «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-291/2020 бұйрығы.

5. «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығы.

6. «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде, тергеу изоляторлары мен қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдар үшін медициналық көмектің қосымша көлемін бюджет қаражаты есебінен және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және арнайы емдік өнімдерді сатып алуды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 4 маусымдағы № 375 қаулысы.

7. Және басқа да құқықтық актілер.

Шымкент қаласы Денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ "№2 Оңалту орталығы" МКК комиссиясы жоғарыда көрсетілген нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтаған жоқ.

Шымкент қаласы Денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ "№2 Оңалту орталығы" МКК өз қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, Жарғыны, Ұжымдық шарттымен және өзге де құқықтық актілерді басшылыққа алып жұмыс жасайды.

Ішкі құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

Шымкент қаласы Денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ "№2 Оңалту орталығы" МКК комиссиясы әкімшілік қызметкерлердің, медициналық қызметкерлердің құжаттарын, сондай-ақ барлық бөлімшелердің құжаттарын тексерді. Талдау барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Персоналды басқарумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

Жалпы штат саны орталықта штат кестесіне сәйкес, барлығы -144,75 штат бірлігі бекітілді, оның ішінде: дәрігерлер – 12,75 шт.бірлік (нақты жұмыспен қамтылғандар-12,75). Орташа медициналық қызметкерлер -49 (нақты жұмыспен қамтылғандар -48). Кіші медициналық персонал-35 (нақты жұмыспен қамтылғандар - 31). Педагогтар – 15 (нақты жұмыспен қамтылғандар - 15). Басқа да қызметкерлер – 33 (нақты жұмыспен қамтылғандар - 31) декреттік демалыста -27. Жалпы бұйрықпен талдау кезеңі 2023 жылдың 31 мамырына дейін -16 қызметкер жұмысқа қабылданған. 2023 жылғы 31 мамырдағы жағдай бойынша Шымкент қаласы Денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ "№2 Оңалту орталығы" МКК - да бос жұмыс орындары - 7 штаттық бірлікті құрайды. Мамандарды жұмысқа қабылдау - ішкі бұйрықпен, жұмысқа қабылдау жөніндегі комиссиясы құрылған. Бос жұмыс орындары туралы мәліметтер электрондық еңбек биржасында орналастырылады (www.enbek.kz). Кадрлардың айналымын талдау 04.01.2023-31.05.2023 жылдар кезеңінде 5% құрайтынын көрсетеді.

Шымкент қаласы Денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ "№2 Оңалту орталығы" МКК кадрлардың ауысу себептері әлеуметтік мәселелердің болуы негізінен табылады.

Еңбек тәртібін талдау барысында 04.01.2023-31.05.2023 жылдар аралығында Шымкент қаласы Денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ "№2 Оңалту орталығы" МКК-да 6 қызметкер тәртіптік жауапкершілікке тартылғаны анықталды. Кәсіпорын қызметкерлерін тәртіптік жауапкершілікке тартудың негізгі себептері олардың өздеріне алған функционалдық міндеттерін тиісінше орындамауы болып табылады.

Сондай-ақ қызметкерлердің жеке істері, оның ішінде біліктілік (дипломы) беріле отырып, жоғары не кәсіптік және техникалық білімінің бар екендігін куәландыратын құжаттар тексерілді, барлық қызметкерлер тиісті салалардың уәкілетті органдарының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келетіні анықталды.

ҚР Еңбек кодексінің 32-бабының 2,3-тармақшасына сәйкес кәмелетке толмағандардың қатысуымен білім беру, тәрбиелеу, демалысты ұйымдастыру және сауықтыру, дене шынықтыру және спорт, медициналық қамтамасыз ету, әлеуметтік қызметтер көрсету, мәдениет және өнер саласында еңбек шартын жасасу үшін адам: адам өлтіру, денсаулыққа қасақана зиян келтіру, адамдардың денсаулығына және имандылыққа, жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы, экстремистік немесе террористік қылмыстар, адам саудасы сияқты қылмыстық құқық бұзушылық

жасағаны туралы мәліметтердің бар не жоқ екендігі туралы анықтама ұсынады. Адам азаматтық қызметтің мемлекеттік функцияларға теңестірілген функцияларды орындауға байланысты лауазымына немесе квазимемлекеттік сектор субъектiсіндегі жұмысқа кірген кезде жұмыс беруші осы адамға қатысты оның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтерді өз құзыреті шегінде мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органның ақпараттық жүйелері немесе "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы талап етіп алдырады.

Шымкент қаласы Денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ "№2 Оңалту орталығы" МКК комиссиясы жұмысқа қабылданған қызметкерлердің жеке істерінде 04.01.2023-31.05.2023ж. уақыт кезеңінде ҚР Бас прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің ақпараттық-анықтамалық есепке алу мәліметтеріне сәйкес соттылығының жоқтығы туралы растайтын құжаттар бар.

Мүдделер қақтығысымен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

Ішкі талдау барысында Шымкент қаласы Денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ "№2 Оңалту орталығы" МКК қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік ақпараттық жүйелердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

"Ақпаратқа қол жеткізу туралы" ҚР Заңының 8-бабының 1-тармақшасына, 16-бабы 3-тармағының 7-тармақшасына сәйкес мемлекеттік биліктің, жергілікті мемлекеттік басқарудың және өзін-өзі басқарудың заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарының органдары мен мекемелері ақпарат иелері болып танылады. "Ақпаратқа қол жеткізу туралы" ҚР Заңының 8-бабының 1-тармақшасында көрсетілген ақпарат иелері өз құзыреті шегінде интернет-ресурстарда орналастыруға міндетті:

Шымкент қаласы Денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ "№2 Оңалту орталығы" МКК сайтында "ақпаратқа қол жеткізу туралы" ҚР Заңының талаптарына сәйкес барлық қажетті ақпарат бар.

Үстемеақылар белгілеу ақылы қызметтер көрсетуден түсетін табысты бөлу рәсімдерінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

Шымкент қаласы Денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ "№2 Оңалту орталығы" МКК қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау барысында

комиссияның ақылы қызметтер көрсетуден түсетін кірісті бөлу, үстемеақыларын белгілеу рәсіміне байланысты бұзушылықтар анықталған жоқ.

Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Шымкент қаласы Денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ "№2 Оңалту орталығы" МКК қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау барысында комиссияның ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыруға байланысты бұзушылықтар анықталған жоқ.

Қаржы-шаруашылық қызметпен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Шымкент қаласы Денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ "№2 Оңалту орталығы" МКК қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау барысында комиссияның Қаржы-шаруашылық қызметімен байланысты бұзушылықтар анықталған жоқ.

Шымкент қаласы Денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ "№2 Оңалту орталығы" МКК комиссиясы жүргізілген талдау барысында қаржы-шаруашылық қызметінің рәсімі Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жарғыға және Байқау кеңесінің келісімі бойынша қатаң сәйкестікте жүргізілетіні анықталды.

Қорытындылар:

Шымкент қаласы Денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ "№2 Оңалту орталығы" МКК қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау барысында бұзушылықтар анықталған жоқ. Комиссиясына Шымкент қаласы Денсаулық сақтау басқармасының "№2 Оңалту орталығы" ШЖҚ МКК сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау жөніндегі жұмысты жалғастырсын.

2022 жылғы 28 маусым мен 2022 жылғы 30 желтоқсан аралығында орталықтың негізгі ғимараты мен аумағына күрделі жөндеу жүргізілді. Күрделі жөндеу кезінде сыбайлас жемқорлық сипатындағы бұзушылықтар анықталған жоқ.

2023 жылғы 2 сәуірде ШЖҚ "№2 Оңалту орталығы" МКК базасында Шымкент қаласы денсаулық сақтау басқармасының 2023 жылғы 22 ақпандағы №64 бұйрығымен "Қамқорлық" ерте араласу бөлімшесі ашылды, ауысымына 50 баланы амбулаториялық қабылдау үшін оңалту курсы 21 күнтізбелік күнді құрайды, жылына 600 неврологиялық патологиясы бар балаларға қызмет көрсетіледі. Стационарды алмастыратын көмек және консультациялық-диагностикалық қызметтер бойынша лицензиясы алынған.

2023 жылғы 31 мамырдан - 02 маусым аралығында "Денсаулық сақтау саласындағы сыртқы кешенді бағалау жөніндегі сарапшылар мен консультанттар" қоғамдық бірлестігі аккредиттеу жүргізді, нәтижесінде ШЖҚ "№2 Оңалту орталығы" МКК-на II- санатты бере отырып, 3 жылға аккредиттелген мерзім деп танылды. Осы кезеңде денсаулық сақтау субъектісі қызметінің Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласындағы аккредиттеу стандарттарына сәйкестігі туралы куәландырады.

2023 жылғы 3 сәуірде ауру балалардың ата-аналарымен сауалнама жүргізілді, сондай-ақ орталықтың қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына түсіндіру іс-шаралары жүргізілді.

Шымкент қаласы Денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ"№2 Оңалту орталығы" МКК- да одан әрі қызмет барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол бермеу жөніндегі ұсынымдары


Мекеменің қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес барлық талаптардың қатаң орындалуын ұстануын. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті тәрбиелеу және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жұмыстарын жүргізу.

"Еңбек кодексі", Әдеп кодексі, "Мемлекеттік сатып алу туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы"Қазақстан Республикасының заңдары бойынша орталық қызметкерлерімен түсіндіру жұмыстарын жиі жүргізу ұсынылды.

Комиссия төрағасы:

Избаева Д. Д. 

Комиссия мүшелері:

Ш. Ж. Шаханова 

Ошимова Н.Ж. 

Бопова Н.Н.



Бесбай А. Ж.



Танысты:

Шымкент қ. ДСБ ШЖҚ "№2 Оңалту орталығы" МКК бас дәрігерінің у.м.а.,

Ш.Ж. Шахапова

